

Ахметова Гүлнұр Серікбекқызының Абай облысы жер – су атауларының лексика - семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)  
деп аталған диссертациясына

## ПІКІР

Диссертациялық жұмыс Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі жер-су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігін қарастыруға арналған. Жұмыс кіріспеден, ұш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Жұмыстың кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми жаңалығы тәрізді мәселелер қарастырылған.

Диссертацияның «Жер-су атауларының ономастикалық кеңістіктегі теориялық негіздемесі» деп аталған бірінші бөлімінде жалпы қазак топонимикасына шолу жасай келе, отандық топонимиканың жалпы топонимика теориясын, өнір топонимикалық жүйелерін қалыптастырып, қазіргі танда жер-су атауларын лингвокогнитивтік, прагмалингвистикалық, сана рефлексиясы түрғысынан жаңаша пайымдалып жатқандығын тұжырымдаған. Сондай-ақ, екінші, үшінші, төртінші тараушаларда Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының қалыптасуына негіз болған қоғамдық-тарихи, тарихи-географиялық негіздер мен этномәдени факторларды талдаған. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материал аталған тақырыптардың мәнін ашууда елеулі үлес қосқандығын атап айттып өтуге болады. Нәтижесінде Абай, Абыралы жер-су атаулары өз бойында өнірдің тарихи сипатын, географиялық ерекшелігін, тілдік болмысын бойына жинақтап, қолданысқа түскенде өнір халқына рухани-мәдени ақпарат беретін тілдік бірліктер екеніне көз жеткізген.

«Абай облысы жер-су атауларының лексика-семантикалық интерпретациясы» тақырыбындағы екінші тарауында Абай ауданы және Абыралы өнірі жер-су атауларын жіктеудің лексика-семантикалық аспектісі, яғни антропотопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары, зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар қарастырылған. Абай, Абыралы өнірі жер-су атауларының құрамында жергілікті халықтың іс-әрекет, тұрмыс-күй, мал, жер шаруашылығы мен аң аулау, құс салу кәсібін көрсететін топонимдер көптеп кездесетіні анықталып, сараланған. Малға жайлы жердің құнарлы-құнарсыздығын, құдық, бұлақ, өзендердің аңы, тұщылығын, табигат құбылысын көрсететін топонимдер де осы топқа жататыны мысалдар арқылы бекітілген. Оларды мағыналық жағынан орайлас келуіне қарай: антропотопоним және этнонимдерден қалыптасқан жер-су атаулары; зооним және фитонимдерден қалыптасқан топонимдік атаулар; сан және тұс атауларынан қалыптасқан жер-су аттары деп өз ішінен бірнеше түрге бөліп қарастырғаны орынды деп есептейміз.

«Абай облысы жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері» деп аталағын тарауда Абай ауданы мен оған шекаралас жатқан Абыралы округі жер-су атауларының сөзжасамдық-құрылымдық ерекшеліктері мен сөз құрамы кеңінен қарастырылған. Зерттеу нысанасына ілінген өңір топонимдерінің жалпы сөзжасамдық-құрылымдық сипаты, яғни атау қалыптастырудың қандай әдіс-тәсілдер қолданылғаны сараланған. Атап айтқанда, Абай, Абыралы өңірі жер-су атауларын жасауда сөзжасамның синтетикалық, лексика-семантикалық, аналитикалық тәсілдері ұтымды қолданылатыны анықталған. Сондай-ақ, топонимист ғалымдардың айналымға енгізген топоним жасаудағы топонимизация, трансонимизация, транстопонимизация тәсілдері де кеңінен қарастырыла отырып, түжірымдалған.

Ізденушінің осы мәселеге қатысты ұсыныс, пайымдауларын да орынды, дұрыс деп есептейміз.

Жұмыстың қорытынды бөлімінде дәстүрлі түрде зерттеу жұмысының нәтижелері берілген.

Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс талапқа сай, жүйелі орындалған, Абай облысы жер – су атауларының лексика-семантикалық ерекшелігі және тілге қатысты тілдік материалды сараптау негізінде зерттеу нәтижелеріне қол жеткізілген.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, Г.С. Ахметованың «Абай облысы жер – су атауларының лексика - семантикалық ерекшелігі (Абай ауданы және Семей қаласының Абыралы ауылдық округі материалдары негізінде)» деп аталаған диссертациялық жұмысын қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі

ф.ғ.д., профессор Сейітова Ш.Б.

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись

Сейітова Ш.Б
КАДР БӨЛІМІ
24 · 02 · 2023 ж.т.

Испеккіш  
Абакадамова

